

## «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.

3. Форумның міндеттері:

1) қоршаған ортаны қорғау міндеттерін шешуде олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету, білім алушыларды практикалық қатысуға тарту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың табиғи және жасанды экожүйелерді зерттеу мен сақтау бойынша қызметіне қызығушылықтарын қолдау;

3) білім алушылар мен педагог қызметкерлер арасында шығармашылық байланысты орнату және жұмыс тәжірибесімен алмасу;

4) еліміздің жас тұрғындарында экологиялық мәдениетті және адамзат алдында тұрған ғаламдық мәселелер тарапынан белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;

5) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі қамтылуын көтеруге жағдай жасау.

4. Форумды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтан және онлайн форматта** өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

### 2. Форумды өткізу уақыты

6. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған форумға қатысу туралы өтінім, сондай-ақ Форум номинацияларының жұмыстары **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына **2023 жылғы 15 мамырға дейін** қабылданады.

7. Өтінімге қоса тіркеледі:

1) Форумның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Республикалық форумға қатысуы туралы өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған бейнематериалға сілтемелер (бейне сапалы, тоқтаусыз бірыңғай бейнемен жазылуы керек).

8. Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2023 жылғы 20 маусымда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында** орналастырылады.

9. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Форумның ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

### 3. Форумға қатысушылар

10. Форумға облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Қатысушылардың жасы: 12-17 жастағы білім алушылар.

11. Қатысушылардың жалпы саны – **180** адам. Әр өңірден – **9** білім алушыдан.

### 4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

12. Балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Форум;

аудандық (қалалық) Форум;

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық Форум.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

13. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

14. Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

**15. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

**1. «Қазақстанның флорасы мен фаунасының 3D атласы» номинациясы** – жас экологтардың 3D атласын жасауы. Флора мен Фауна өкілдерінің 3D-форматтағы көлемді макетін жасау (қызыл кітап, эндемиктер және т. б.).

Көлемді орналасу объектінің барлық ботаникалық, анатомиялық ерекшеліктерін көрсету керек, яғни біз өсімдіктерді өз ерекшеліктерімен бейнелейміз: жапырақтардың пішіні, олардың тамырлары, тамырлардың көрінісі, гүлдің құрылымы, жануарларда тұмсықтың немесе табанның құрылымын, жануардың түс ерекшеліктерін және т. б. толық көрсету қажет Жұмыс бағыты – SketchUp, Blender, Tinkercad.com (**1 қатысушы**).

**Жобаны қорғау онлайн форматта ZOOM платформасында 2023 жылғы 8 маусымда өткізіледі.**

**2. «Zhasyl El» номинациясы** – зерттеу жобаларының байқауы келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

а) қалалық орта экологиясы, элеуметтік экология, адам экологиясы – ауаның, көліктің, көгалдандырудың және т. б. ластану мәселелерін шешу жолдары (**1 қатысушы**);

б) инновациялық «жасыл» жобаларды әзірлеу, енгізу, ынталандыру және насихаттау практикасы (**1 қатысушы**).

**Жобаны қорғау онлайн форматта ZOOM платформасында 2023 жылғы 9 маусымда өткізіледі.**

Жобаны қорғау уақыты – көрсететін материалды (макеттер, үлгілер, видео және т.б.) қолдануымен **7 минуттан аспауы тиіс.**

**Бағалау өлшемдері:**

зерттелетін мәселенің өзектілігі мен жаңалығы;  
жүргізілген зерттеулердің дәрежесі мен көлемі;  
қойылған міндеттерді орындау нәтижелілігі;  
жұмыстың практикалық маңыздылығы;  
автордың жеке үлесі;  
шешендік өнер;  
автордың қосқан жеке үлесі;  
сөйлеу шеберлігі.

**3. «Экоатеатр» номинациясы** – экология туралы шағын спектакльдермен бейнероликтер байқауы (**3 қатысушы**). Экоатеатр – экология мен өнерді біріктіреді. Өртістер мен көрермендер сахна өнерінің көмегімен экологияға енеді.

Ұзақтығы 10 минуттан аспайды.

**Бағалау өлшемдері:**

тиісті номинациясы бойынша;  
актерлік шеберлік;  
репертуардың күрделілігі;  
костюмдер;  
декорациялар;  
техникалық және музыкалық сүйемелдеу.

Номинация бойынша <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

**4. «Eko-Bolashak» номинациясы** – көркейту, көгалдандыру бойынша жүргізілген экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжай, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік телімдер, мектеп орман шаруашылығы бойынша видеороликтер презентациясы (**1 қатысушы**). Презентация ұзақтығы – 5 минуттан аспауы тиіс.

Байқауға [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

Видеороликте аталған сұраққа стандартты емес тәсілмен қарауға, түсірілім, анимация және компьютерлік графика тәрізді визуалды ұсыну тәсілдерін, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеу қолданылады.

**Бағалау өлшемдері:**

стилистикалық шешім;  
практикалық қолданылымы;  
жасампаздығы;  
әлеуметтік маңыздылығы;  
видеоматериал сапасы.

**5. «GREEN OASES» номинациясы** – ландшафтық жобалар байқауы (**1 қатысушы**). Байқау жұмысы – мектеп ауласының, балабақшаның немесе басқа білім беру ұйымының ландшафтық дизайны. Дизайн өлшемдері 50x50 см-ден артық емес, материалды таңдау еркін. Жұмысты қорғау 5 минуттан аспау қажет.

Жұмысқа заттаңба (этикетка) (10x15 см) қоса тіркеледі, онда жұмыстың аталуы, қатысушының Т.А.Ә., жасы, білім беру ұйымы, қала, аудан, облысы көрсетіледі.

**Бағалау өлшемдері:**

ландшафттық композицияның байқау шарттарына сәйкестігі;  
өзіндік ерекшелігі;  
жобаның эстетикалық көрінісі;  
өсімдік материалының тіршілігін қамтамасыз ету (егер бар болса);  
ландшафттық жобаны орындау сапасы.

Номинация бойынша [www.youtube.com](http://www.youtube.com) каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**6. «Туған өлкенің бояулары» номинациясы – электрондық экологиялық ашық хат (1 қатысушы).**

Бұл номинацияда кез келген графикалық редактордың көмегімен (фотосуреттер, картиналар, портреттер, суреттер, коллаждар және т.б.) орындалған мәтінмен (экологиялық күнтізбе, көркемдік дәйексөздер, поэзиялық, ғылыми-көпшілік шығармалардан, ғалымдардың тұжырымдары, жазушылардың, авторын көрсете отырып, ақындардың экология туралы, адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы, табиғатты қорғау және оның сұлулығы туралы мәлімдемелері, ұрандар, үндеулер және т. б.) қоса ұсынылған суреттер қабылданады.

Файл параметрлері: JPG форматы. Көлемі – 5 мб. Қосымша материал ретінде жұмыс жасау процесін көрсететін фотосуреттер ұсынылады. Мәтіндік түсініктемелердің болуы міндетті: жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, орындау техникасы, қажет болған жағдайда – мазмұнын түсіндіру.

Номинация бойынша жұмыстар [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**Бағалау өлшемдері:**

экологиялық тақырыптың көрінісі;  
композициялық шешім;  
орындау деңгейі;  
көркемдік мәнерлілік;  
идеяның өзіндік ерекшелігі;  
мәтіннің визуалды дизайнға сәйкестігі.

16. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобадан ұсынады.

**5. Форумның қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

17. Кәсіби қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді.

18. Форумның қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Форумға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

19. Сыйлықтар жеңімпаздарға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізу қызметі арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

20. Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасы арқылы кері жібереді.

21. Дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары **2023 жылғы 20 маусымда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында** жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-75-89, 87072312384.

1-қосымша

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қатысуға өтінім

Жұмыстың атауы	Орындаушының Т:А	Туған күні	Тұрғылықты мекен-жайы, электрондық пошта, телефон	Білім беру ұйымы, сынып	Басшының байланыс телефоны, электрондық поштасы
«Қазақстанның флорасы мен фаунасының 3D атласы» (1 қатысушы)					
«Zhasyl El» (2 қатысушы)					
«Экотеатр» (3 қатысушы)					
«Eko-Bolashak» (1 қатысушы)					
«GREEN OASES» (1 қатысушы)					
«Туған өлкенің бояулары» (1 қатысушы)					